

OROMA. 461-q., 1-t., 1886-1s, 403-p.
Rustemov S.K. All-Russian Council of Muslims (Shuroi Islam) // National Encyclopedia of Kazakhstan. Almaty, 2000. Vol.2. 481 p. [in Kazakh].
Tynyshbaev M. History of the Kazakh people. Almaty: Kazakh University, 1993. С. 16 [in Russian].

GTAMP 03.61.91

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_73

**СЫР БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ
БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ
(XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы)**

Досымбетов Н.А.^{1*}, Раздыков С.З.¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ

*Автор-корреспондент

E-mail адрестер: nur_dos88@mail.ru (Досымбетов), rasdikov@mail.ru (Раздыков)

Түйіндеме. Мақалада XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезіндегі Сыр бойы қазақтарының суландыру жүйесіндегі жергілікті басқару және ұйымдастыру мәселесіне талдау жасалған. Сыр бойында Ресей империясының билігі түбегейлі орныққаннан кейін суландыру жүйесін реформалау мақсатында түрлі заңдар мен нұсқаулықтар қабылдана бастады. Бірақ, суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру бойынша орталықтандырылған жүйесі енгізілгенімен, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан әдіс-тәсілдері мен жосын-жоралғыларына шектеу қойылмады. XX ғ.-дың екінші жартысынан бастап осы өңірде қайта жандана бастаған егін шаруашылығы саласында арық қазу, тазалау, су бөлу және аталмыш істерді жүйелеп отыратын арық ақсақалы мен мұрап сынды халықтық басқару қызметі қалыптасқан дәстүрлі суландыру жүйесі болды. Мақалада қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілері, саяхатшылары мен шенеуніктерінің еңбектері және архив деректері қолданылды. Сонымен қатар, синхронды талдау әдісін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы дамыған отырықшы халықтарда қалыптасқан суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру ісімен салыстыру жүргізілді.

Кілт сөздер. Сырдария, Түркістан, суды пайдалану дәстүрі, суландыру жүйесі, арық, мұрап, арық ақсақалы.

MRNTI 03.61.91

**ПРОБЛЕМА МЕСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ И ОРГАНИЗАЦИИ
В ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА
(конец XIX – начало XX вв.)**

Досымбетов Н.А.^{1*}, Раздыков С.З.²

¹Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: nur_dos88@mail.ru (Досымбетов), rasdikov@mail.ru (Раздыков)

Аннотация. В статье анализируются проблемы местного самоуправления и организации системы орошения у присырдарьинских казахов в конце XIX – начале XX веков. После окончательного установления господства Российской империи в Сырдарьинском регионе с целью реформирования оросительного дела были приняты различные законы и постановления. Несмотря на централизацию системы управления ирригационной системой, методы и технологии орошения, выработанные местным населением в течение многих веков не были подвергнуты изменениям. Во второй половине XX в. в сельском хозяйстве региона была возрождена традиционная

ирригационная система с органами самоуправления, которые возглавляли арык-аксакалы и мирабы, руководившие работами по рытью, очистке арыков, распределению воды. В статье использованы труды и архивные данные русских исследователей, путешественников и чиновников до Октябрьской революции. Методом синхронного анализа, проведено сравнение с системой управления и организации орошения, сложившихся в оседлых районах с развитым земледелием.

Ключевые слова: Сырдария, Туркестан, традиция водопользования, оросительная система, арыки, мирабы, арык аксакал.

IRSTI 03.61.91

**THE PROBLEM OF LOCAL GOVERNANCE AND ORGANIZATION
OF IRRIGATION SYSTEM OF SYR DARYA KAZAKHS
(late 19th - early 20th centuries)**

Dossymbetov N.A.^{1*}, Rasdykov S.Z.¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

*Corresponding author

E-mail: nur_dos88@mail.ru (Dossymbetov), rasdikov@mail.ru (Rasdykov)

Abstract. The article analyzes the problems of local self-government and organization of the irrigation system among the Syr-Darya Kazakhs in the late 19th - early 20th centuries. After the establishment of the domination of the Russian Empire in this region, various laws and regulations were adopted to reform the irrigation system. Despite the centralization of the management system, the methods and technologies of irrigation, which were developed by the local population for many centuries, have not changed. In the second half of the 20th century, the traditional irrigation system in agriculture was revived with autonomy, which was headed by arik-aksakals and mirab, who supervised the work on digging, cleaning irrigation canals, and distributing water. The paper uses the works and archival data of Russian researchers, travelers, and officials before the October Revolution. By the method of synchronous analysis, a comparison is made between sedentary regions and developed agriculture in the system of management and organization of irrigation.

Key words: Syr-Darya, Turkestan, tradition of water use, irrigation system, irrigation ditches, mirabs, arik aksakals.

Кіріспе. Кеңестік тарихнамада қазақ қоғамының «көшпелі ғұмыры» кеңінен қарастырылып, қазақ даласындағы отырықшы мәдениет екінші деңгейдегі тақырыптар қатарына ығыстырылды. Еліміздегі 1991 жылдан кейін тарих, археология, этнография салаларында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан территориясында отырықшы мәдениеттің іздері кеңінен қарастырылды. Бұл зерттеулер, өз кезегінде, қазақ даласында көшпелілер қоғамымен қатар, отырықшы мәдениеттің қарқынды дамығандығын көрсетті. Ал, отырықшы қоғамның негізгі шаруашылық діңгегі болып табылатын егіншілік – қазақ даласының ірі өзендері аралында дамыды. Атап айтқанда, Ертіс, Сырдария, Іле, Талас, Шу сынды т.б. өзендердің бойында егіншіліктің алғышарттары ерте темір дәуірінде қалыптасқан. Кейіннен түрлі саяси, шаруашылық-экономикалық себептерге байланысты кей өңірлерде егіншілік өз маңызын жойды. Бірақ, Сыр бойында кей уақыттарда тоқырауға ұшырағанымен, егін шаруашылығы жойылған жоқ.

Аталмыш өңірде егіншіліктің суалмалы (лимандық / тәлімі)¹ және суармалы түрлі болды. Алайда, негізінен Сырдариядан, өзеннің суы тасыған кезде пайда болған көлдерден арық тартуға негізделген суармалы егіншілікке басымдық берілді. Өйткені, Сыр бойының табиғаты жаңбыр аз түсетін құрғақ континентке жатады. Ал, егіншілік арнайы суарылғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігі даусыз. Егінді сумен бас арық, арық, кіші арық, жап, салма сынды т.б. түрлі көлемдегі біртұтас суландыру жүйесі қамтамасыз етті. Сондай-ақ, аталмыш арық түрлеріне салынатын *шығыр*, *қарабура*, *түкірткі*, *тарнау* сынды ирригациялық құрылғылар суландыру жүйесінің функциясы күрделі болғандығын көрсетеді. Осындай күрделі суландыру жүйесін әрдайым дұрыс

қалпында ұстау және егіншілерге суды шығынсыз һәм уақытылы қамтамасыз ету мен суды бөлудің тәртіп реттілігін қадағалаудың өзіндік қиындығы болды. Ұзақ жылдардағы халықтық тәжірибе негізінде осы бағыттағы күрделі жұмысты үйлестіріп отыратын және басқаратын арнайы мамандардың қызметі қалыптасты. Бұл ретте, Сыр бойы қазақтарында арық қазу, суды бөліп пайдалану, қазу-тазалау жұмыстарын жүйелеп ұйымдастыратын арық ақсақалы мен мұрап сынды халықтық басқару қызметін атап өтуге болады. Дәстүрлі ортада институционалдық мәні бар аталмыш суды пайдаланудың дәстүрлі жүйесі отырықшы қоғамның ұжымдаса еңбек етуін қамтамасыз етті. XIX ғ. 60-жылдарынан бастап Сыр бойында патшалық Ресей үкіметі өзінің әскери-саяси билігін мықтап орнатқаннан кейін жергілікті билікке ықпал ету тетіктерін арттырып, оның ішінде өңірдің суландыру жүйесін басқару ісін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Материалдар мен әдістер. Мақалада, ең алдымен, жүйелік әдіске назар аударылды. Бұл тақырып аясындағы мәселенің зерттелу жағдайын бағамдауға, оларды өзара байланыстыратын элементтерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан өзге салыстырмалы әдісті қолдану тақырыптың негіздемесін түсінуге, тарихи оқиғалардың себептерін анықтауға, қарастырылып отырған мәселенің ауқымын бағамдауға, бұрын-сонды назардан тыс қалған сұрақтардың туындауына ықпал етеді. Сонымен қатар, синхронды талдау әдісін қолдана отырып, егіншілік дамыған отырықшы халықтарда қалыптасқан суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру ісімен салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Мақаланы жазу барысында негізінен қазан төңкерісіне дейінгі авторлардың еңбектері қолданылды. Бұл еңбектердің құндылығы сонда этнографиялық кезең XIX-XX ғ. бас кезіндегі «уақыттың куәгерлері» болып табылады. Әрі бұл кезеңдегі патша үкіметінің шенеуніктері мен зерттеушілерінің еңбектері тарихи дерек көзі қызметін атқарып, аталмыш уақыттағы шаруашылық жүйесін, қоғамдық құрылымын, әкімшіліктің үйлестіру функциясы мен қазақтың дәстүрлі қоғамына әсерін бағамдауға мүмкіндік береді. Ал, архив материалдары белгілі бір деңгейде мәселені тереңінен аша түсуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, атаулардың сөз ретіндегі қалыптасу тарихын анықтау мақсатында сөздіктер де пайдаланылды.

Зерттеулер мен тарихнамалық талдау. Суландыру жүйесін басқарушы мұраптар мен өзге де осы құралыптас ұғымдар хақында қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Л. Мейер, Н.А. Дингельштед, Е. Смирнов, Н.Н. Александров сынды орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің еңбектерінде мәліметтер қарастырылған. Ең алғаш аталмыш мәселеге тоқталған әскери инженер Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты еңбегінің құндылығы сонда, ол қазақтардың арасында бірнеше жыл тұрақтап, тілін меңгеріп, ел ішінен мәліметтер жинақтаған. Ол еңбегінде суландыру жүйесін басқаратын ақсақал және оның көмекшілері мұрап пен шыбықшылар² жөнінде сипаттама берген (Мейер, 1865:103).

Патшалық Ресей үкіметі өзінің қоныстандыру саясатын жүргізу барысында Сыр бойына қоныстанған орыс переселендерін суармалы егістік жермен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналды. Сол себепті Түркістан генерал-губернаторлығы, ең алдымен, өңірдің суландыру әлеуетін бағамдау мақсатында Н.А. Дингельштедті Мәскеуден арнайы шақыртты. Ол өзінің зерттеу жұмыстарын жергілікті атқамінерлерге, арық ақсақалдарына, мұраптарға сауалнама таратып суландыру жүйесі туралы мәліметтерді жинақтаудан бастайды³. Сауалнамада арықтардың атаулары, түрлері, өлшемдері (ені, ұзындығы, тереңдігі), құлақтардың саны, арыққа иелік ету, арықты тазарту жұмыстарын ұйымдастыру, суды пайдалану кезегі, су пайдаланудағы дау-дамайлар, суға қатысты әдеттік құқық сынды т.б. көптеген мәселелер қамтылды. Бұл сол кездің өзінде-ақ этнологияның ғылыми әдістерін қолданғандығын көрсетеді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде 1893 ж. Н.А. Дингельштедтің екі бөлімнен тұратын «Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область» атты еңбегі жарияланды (Дингельштедт, 1893). Сонымен қатар, Е. Смирнов (Смирнов, 1887) пен Н.Н. Александровтың (Александров, 1919) еңбектерінде суды пайдалануды үйлестіру мәселесі қарастырылған.

Кеңестік тарихнамада жалпы егіншілік (ішінара егіншіліктің бір бағыты ретінде суландыру жүйесі де) мәселесі сынды тақырыптар қарастырылғанымен, мұраптар жөнінде зерттеу жұмыстарында қамтылмаған. Ал, 1991 жылдан кейін аталмыш мәселе, негізінен ғалымдардың қазақтардың дәстүрлі егін шаруашылығына қатысты диссертациялық зерттеулерінде қарастырылды. Атап айтқанда, Б. Алтаев (Алтаев, 1994:52-53) пен

Ә. Ахантаеваның (Ахантаева, 2008:64-71) ғылыми диссертациялары мен Т. Қартаеваның Сыр өңірінің этнографиясына арналған монографиясында (Қартаева, 2014:10-11) мұраптардың қызметі жөнінде мәліметтер қарастырылған.

Талқылау. Шаруашылық жүйесі егіншілікке негізделген отырықшы қоғамда *бас арық, арық, бөгет, тоған, жап* тәрізді түрлі суландыру жүйелерінің техникалық жай-күйін және суды бөлуді үйлестіретін *арық ақсақалы, мұрап, тоғаншы, шыбықшы* т.б. сынды функционалдық ұғымдар болды. Аталмыш ұғымдардың ішіндегі ең көнесі, әрі отырықшы халықтарда кең таралған атау мұрап жөнінде Н.Д. Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде»: «Мир+аб жер, егін суаратын, судың дұрыс пайдалануын бақылайтын кісі (су бастығы, су ақсақалы)» (Оңдасынов, 1958:258), – деп берілген. Сонымен қатар, кейбір еңбектерде мұрап сөзі араб тілінен шыққан деген де пікір бар.

Л. Мейердің еңбегінде араб тілінде «мир» – патша, «об» – су деген сөздердің бірігуінен туындаған сөз деп келтірілген (Мейер, 1865:103). Дәл осындай ой Е. Смирновтың еңбегінде де кездеседі (Смирнов, 1887:104). Мұндағы екі автор тарапынан да бірдей келтірілген пікір тілдік тұрғыдан да, тарихи үдерістер тұрғысынан да ешқандай қисынға келмейді. Өйткені, араб тілінде су сөзі «об» емес, шын мәнінде «ма» деп қолданылады (Баранов, 1994:735). Осының өзі-ақ мұрап арабтың сөзі еместігін білдіреді. Шындығында, «об» сөзі парсы тілінде су деген мағына береді (Рубинчик, 1-том, 1970:31). Ал, «мироб» сөзінің алғашқы буыны «мир» патша мағынасын беретін «әмир» сөзінің қысқарған түрі. Яғни, «мир» және «об» сөздерінің бірігуінен парсы тіліндегі «мироб» сөзі туындаған (Рубинчик, 2-том, 1970:588). Мұны ежелгі Иран жерінде суды бөлуші адамның «мироб» деп аталғандығы нақтылай түседі. Парсылардағы (ирандықтар) аталмыш мұрап қызметі функционалдық тұрғыдан біз қарастырып отырған кезеңдегі (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы) Орта Азия халықтарындағы мұраптармен бірдей болғанымен, институционалдық тұрғыда мүлдем кереғар болды. Өйткені, парсылардағы мұраптарды қауым мүшелері таңдауымен емес, арнайы патша тарапынан тағайындалған. Мұндай мұраптық қызмет атадан балаға мұрагерлік жолмен берілген. Сондықтан, олар билеуші таптың өкілі ретінде ірі жер иелерінің мүдделерін қорғаған. Бұл өз кезегінде шағын жерге ие қарапайым шаруалардың егіндерінің құлдырауына (әсіресе, суы аз құрғақ өлкелерде) әкеліп отырған (Фамили, 1967:131). Сонымен қатар, парсылардың атамекені Қосөзен аралығы ежелден егіншіліктің отаны болғандығы да «мұрап» сөзінің Орта Азия елдеріне парсы тілінен енгеніне күмән тудырмасы анық.

Суландыру жүйесіндегі келесі бір ұғым «тоғаншы» атауы жергілікті Сыр бойы қазақтарының қолданысындағы тоған сөзінен келіп шыққан. Дегенмен, О. Нақысбеков 1955-1963 жж. аралығында ел ішінен жинақтаған материалдары негізінде жазылған «Жергілікті халық тіліндегі арық-ағыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында» атты мақаласында тоған сөзінің екі түрлі мағынада қолданылатындығына тоқталады. Нақтырақ айтқанда, жергілікті тұрғындар Алматы, Жамбыл және Шымкент (қазіргі Түркістан облысы) облыстарының тұрғындары кеңдігі екі-үш метрдей болатын үлкен арық, ал Қызылорда облысының халқы суға салынған бөгет мағынасында қолданады (Нақысбеков, 1965:169-170). Демек, қарастырып отырған Сыр бойы қазақтарында тоғаншы деп бас арықтардың бастауын Сырдариядан алатын тұсқа қойылатын судың көлемін реттеуші бөгеттердің қызметін бақылаушы адамды атайды. Бұл пікірімізді, Е. Смирновтың төмендегі сипаттамасы нақтылай түседі: «Кейбір үлкен каналдардың суқабылдағыш немесе су таратқыш тұсындағы бөгеттерді салу кезінде тас, қамыс, шыбық және топырақты қолданғандықтан үнемі бақылауды талап етеді. Сондықтан осындай бөгеттерді бұзылудан сақтаумен қатар, арық ақсақалының бағыты бойынша суды реттеп отыратын тоғаншы қызметі де ескерілген. Яғни, тоғаншы бөгеттің биіктігін көтеру, енін ұзарту, каналдың басын бөгеу немесе суды ағызу сынды жұмыстарды жүргізу арқылы суды реттеп отырды (түпнұсқадан аударған – Н.Д.)» (Смирнов, 1887:108). Сонымен қатар, тоғаншыны арық ақсақалының өзі таңдай алады (Шахназаров, 1908:92). Бұл, әрине, арық ақсақалының суландыру жүйесінің жұмысын толыққанды қадағалауға берілген «тетік» деуге болады.

Суландыру жүйесін реттеу функциясын атқарушы тұлғалардың ішіндегі ең жоғарғы сатысындағы қызмет түрі арық ақсақалы болып табылады. Суын бірнеше ауыл пайдаланатындай үлкен каналға бірнеше мұрап таңдалып, ал олардың бірлесе

жұмыс істеуін дұрыс үйлестіру үшін мұрапбасы немесе арық ақсақалы тағайындалады. Оған бүкіл мұраптардың басшысы ретінде жоғары басқару мен маңызды мәселелерді шешу міндеті жүктеледі (Смирнов, 1887:108). Арық ақсақалы негізінен суландыру жүйесінің техникалық жай-күйін бақылауға алады. Бас арықтар мен өзге де суландыру жүйесі түрлерінің ақауларын қалпына келтіру, оларды тазалау сынды жауапкершілігі жоғары, халықты ұйымдастыруды талап ететін күрделі жұмыстар арық ақсақалдарының міндетіне кіреді (Александров, 1919:21).

Суландыру жүйесін ұйымдастырушы тұлғалар қызметінің функциялық ерекшеліктері мен еңбек бөлінісі жөнінде Л. Мейер төмендегідей мағлұмат келтіреді: «мұраптар егіншілерге арықтағы суды бөлумен, шыбықшы болса арық қазу, тазарту сынды жұмыстарды қадағалаумен айналысты. Ал, ақсақал бүкіл арықтардың жүйелі түрде халыққа қызмет етуіне басшылық еткендіктен, қарамағындағы арықтар мен бөгеттер оның есімімен аталатын болған (түпнұсқадан аударған – Н.Д.)» (Мейер, 1965:103).

Жергілікті халық арық ақсақалын үш жылға сайлағаннан кейін, сайлау нәтижесі ретінде оны Әскери Губернатор арнайы бекіткен. Ал, мұраптарды арық ақсақалы тағайындаған. Мұраптар арық қазу кезінде негізінен өмірлік немесе атадан балаға мұра болған тәжірибеге сүйеніп отырған. Арнайы техникалық білімі болмағанымен дұрыс ойлау, зеректік және көз мөлшерімен жұмыс істеуді меңгерген (Дингельштедт, 1893:200).

Суға қатысты даулы мәселелер көбіне тез арада және әділ шешім қабылдауды талап еткендіктен, мұраптардың араласуымен лезде шешілген. Мұндай мәселелер көбінесе су бөлу кезінде туындайды. Ал, егін суару кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан, кейінге қалдыруға болмайтын еді. Өйткені, уақытында суарылмаған егіннің шығымы да аз болатыны даусыз. Ал, жергілікті өңірде шешімін таппаған үлкен даулы мәселелер мен түсініспеушіліктер кейде уездік әкімшілікке дейін жетіп отырған (Дингельштедт, 1893:376-377).

Егер, бір арықпен суғарып отыратын бес егінші өз жерлерін суландыру үшін кім бірінші суарады деп өзара бәстеседі, осы мәселені шешу үшін өздерінің мұрабына жүгініп отырады. Кезектегі соңғы егінші даулы жердің мәселесінің шешімін үнемі сұрап отырған. Нақты негіз болмағандықтан, бұл мәселенің шешімі табылмай, жеребе тастауға мәжбүр болатын еді. Бәстескендердің әрбірі ұзындығы $\frac{1}{2}$ вершокты⁴ құрайтын таяқшаны алып, оны кертеді. Таяқшадағы керткітердің саны бірден беске дейін болған. Содан кейін таяқшалардың барлығын мұрапқа берген. Ал, мұрап болса таяқшаларды құмға немесе жерге қойған. Содан кейін оларды жақын маңдағы ауылға шақырып, шамамен 10 жастағы балаға әлгі жердегі немесе құмдағы таяқшаларды бір-бірден алып, мұрапқа ұсыну керектігін түсіндірген. Егер, бала бірінші үш кертгі бар ағашты алса, онда әлгі таяқтың егесі бірінші кезекке ие болса, содан кейінгі алынған бір кертгі бар екінші таяқша екінші кезекті білдіріп отырған. Осылайша, кезек мәселесін шеше алған (Дингельштедт, 1893:333).

Сыр бойы және Түркістан өңірі халықтарына ортақ әдеттік құқық жүйесіне негізделген суды пайдалану бойынша қауым мүшелері ұстанатын төмендегідей ережелер қалыптасқан:

- егін суарғысы келетін әрбір қауым мүшесі арықты сумен қамту және суландыру жүйесін тиісті тәртіпте ұстау жөніндегі барлық жұмыстарға қатысуы керек;
- барлық дақылдарды суаруға су жетіспесе, су бірдей бөлінуі қажет;
- жеребе бойынша әрбір қауым мүшесіне кезек белгіленуі тиіс;
- су тапшылығы кезінде, ең алдымен, суды арықтың төменгі жағындағы жер иелері, содан кейін жоғары тұсындағылар суаруға міндетті;
- суды кезексіз пайдалану немесе артығымен суару құпталмайтын іс болып табылады және айып салынады (Шахназаров, 1908:91-92).

1890 жылдың 20 мамырындағы жарғыда Кеңтүп болысының №5 және №6 ауыл тұрғындары сайлаған мұрап Байұзақ Байболовтың міндетіне Көкбай, бастауын Досан жарманың Томарөкел өзегінен алатын Жусанды аша арықтарының суын бөлу тапсырылды. Арықтардың суын пайдаланушы ауыл тұрғындары мұраптың сұранысы бойынша өз кетпендерімен жұмысшылар және көпір мен бөгет құрылысына қажетті материалдарды жеткізуге міндетті болды. Суды бес төбеге бөліп берді. Әр төбе су көп жағдайда әр төбеге 3 күннен, керісінше су көлемі аз кезде 2 күннен берді. Мұрап жыл сайын қыркүйектен бастап арықтарды ені 4 аршын және тереңдігі $2\frac{1}{2}$ аршын өлшемінде тазартуы керек. Бұл жұмыстарға №5, №6 ауыл тұрғындарынан бөгеттер мен көпірлерді жөндеуге қажетті жұмыс күшін талап етуге құқылы болды (ҚР ОМА, 232:79).

Патшалық Ресей үкіметі Түркістан өңіріне тұрақты орныққаннан кейін барлық саладағы жергілікті басқару жүйесін түбегейлі өзгертуге күш салды. Осы орайда 1888 жылдың 2-тамызында генерал-губернатор Н.О. Розенбах (1884-1889 жж.) суландыру жүйесін басқаруды үйлестіру ретінде «О правах и обязанностях ирригационных чинов, уездных начальников, арык-аксакалов и мирабов по заведованию ирригацией в Туркестанском крае» атты нұсқаулығын жариялағанын айтуға болады. Аталмыш нұсқаулық бойынша, патша үкіметінің жергілікті халықтардың суды пайдалану ісіне араласпау туралы шешімі өз күшін жойды. Осы нұсқаулықтың негізінде Сыр бойында ғана емес, бүкіл Түркістан өңірі суды пайдалану бойынша барлық билік патшалық су әкімшілігі шенеуніктерінің қолына өтті. Суландыру жүйесін басқаратын төменнен жоғары қарай мұрап, арық-аксакалы, уездік суару бастығы және облыстық суландыру бастығы деп аталатын төрт деңгейлі қызметтік дәрежелер бекітілді (ҚРОМА, 124:72-80).

1890 ж. Түркістан генерал-губернаторы А.Б. Вревскийдің (1889-1998 жж.) Ресей императоры III Александрдың атына жазылған хабарламасында өңірдің санитарлық және материалдық жағдайын жақсарту үшін төмендегідей шараларды қабылдау қажеттігін атап өтеді: «1. вменить в обязанность уездной администрации иметь тщательный надзор за деятельностью арык-аксакалов и мирабов; 2. строжайше предписать арык-аксакалам жить в районах, подлежащих их ведению; 3. по обнаружении неудовлетворительного состояния или разрушения оросительных каналов и выяснении обстоятельств, способствовавших образованию этого зла, устранять немедленно от должностей арык-аксакалов и мирабов, виновных в недобросовестном отношении к исполнению возложенных на них обязанностей; 4. о всех важных повреждениях оросительных систем доносить мне, с подробным изложением причин явления, мерь, принятых администрацией к предупреждению или устранению вредных последствий сих повреждений, и мерь, принятие которых необходимо, но не зависеть от власти вашего превосходительства» (ҚР ОМА, 232:363). Генерал-губернатордың бұлай жазуына да себеп жоқ емес еді. Әлі де болса кішкене мал басы көбейе бастаған кезде отырықшылықтан көшпелі тұрмысқа қайта ауысатын еді. Бұл суландыру жүйесін бір орталықтандырылған басқару жүйесін енгізуге кедергі келтірді.

Суландыру шаруашылығын жақсы меңгерген адамдардың пікірі бойынша, суландыру басқармасының билікке араласуы туралы арнайы акті, нақтырақ айтқанда 1888 ж. 2 тамыздағы нұсқаулығына сәйкес, суландыру жұмыстарының жетістіктеріне ықпалы болмады және халықтан арық-аксақалдарын таңдау құқығынан айыру және басты бөгет басты бақылаушысының қоғамдық қызметін жою арқылы, аздап бұл өздерінің ресми міндеттерін бірінші кезекке қойды. Алайда Қазалы уезінде 1888 ж. 2 тамыздағы нұсқаулығына сәйкес, осындай ықпалды кездестіре алмайсың. Себебі, онда уезд жергілікті тұрғындарының негізгі бөлігі көшпелі тұрмыс кешкендіктен, ирригациялық әкімшілік мүлдем сайланған жоқ (Дингельштедт, 1893:331).

Бүгінге дейін Қазалы уезінде арық әкімшілігі болмағандықтан, суландыру жүргізілмегендіктен арық-аксақалдарын сайлауды қажет деп санамады. Сондықтан да, арықтардың жөндеу жұмыстары мен шығындары туралы ойлар жүзеге асырылмады. Егер, өзге арықтарға тазалау жұмыстарының қажеттілігі артса, онда оны сол арықтарға иелік ететін қауым мүшелері жүзеге асырып отырды. Аталмыш уезде 1891 жылдың аяғында ғана арық әкімшілігі құрылды (Дингельштедт, 1893:335).

Сох өңірінің тәжіктерінде мұраптар атқарған қызметі үшін ауыл тұрғындарынан «миробона» (сыйақы) немесе әр танаптың өнімінен «кафсан» алды (Джахонов, 1989:50). Мұраптарға берілетін «миробона» Хорезм өзбектерінде де беріледі (Гулямов, 1957:267). Ал, қазақтарда кеусен егіннің өнімінен ағайын-туысы мен ауылдастарына таратылады. Алайда, қазақтарда кеусенді мұраптарға беріледі деген мәлімет кездеспейді. Бірақ, отырықшы қазақтардың дәстүрлі ортасында да мұраптардың еңбегінің өзіндік құны болды. Атап айтқанда, мұрапқа өзіне қарасты арықтан су алатын әрбір шаруашылықтан жиналған өнімнен 1-1,5 пұт астық берілді (Қазахи, 1995:41).

Кейіннен патшалық Ресей үкіметінің билігі тұсында арық аксақалдары мен мұраптарға арнайы еңбек ақы тағайындау жүйесі де енгізілді. Бірақ, бұл ақы төлеу де қазақтардың дәстүрлі жүйесінен аттап өтпеді. Яғни, еңбек ақы мұраптар мен арық аксақалының бақылауындағы арықтан су алатын егіншілерден жиналды. Мысалы, 1890 жылдың 20 ақпанында Перовск уезі Қысбөгет болыстығының №1 ауыл халқының жиналысында сайланған Сарыбас Көшековке мұраптық қызметінің ақысы ретінде

жылына ауылдағы 202 шаңырақтың әрқайсысынан 10 тиыннан, жиыны 20 рубль жинап беруге міндеттелді (ҚРОМА, 232:345). Ал, оның иелігіне төмендегі арықтарды қадағалау жүктелген: 1. Өз бастауын Шіркейлідегі Ақ Шығанақтан және Шоңкөлге құятын көтерме Бозарқашты суландырады. 2. Бастауын Шіркейлінің басынан алатын Ақ құма мен Қаңбақты көліне бағыт алатын Үлкен Бозарық та Бозарқашты суландырады. 3. Өзінің бастауын Жарқын көлден алатын кіші арық. 4. Бастауын Шіркейліден алып Бөгембай зиратына қарай бағытталған кіші арық (ҚРОМА, 232:345).

1890 ж. мәлімет бойынша Перовск уезінің суландыру жүйесі 8 арық ақсақалдығына бөлінген. Осы уезд бойынша арық ақсақалдарына жалпы 3050 рубль төленген. Жылына арық ақсақалы қарамағындағы суландыру жүйесінің көлеміне қарай ең төмені 350 рубль, ең жоғарғысы 500 рубль алған. Дәл осы 8 арық ақсақалының қарамағында жалпы 129 мұрап еңбек етіп, оларға әрқайсысына орта есеппен жылына 26,41 рубль еңбек ақы бекітілген (Дингельштедт, 1893:512-513).

1908 жылғы мәлімет бойынша, Перовск уезіндегі 10 арық ақсақалына жалпы 6100 рубль көлемінде қаржы төленген. Ал, Қазалы уезінде қызмет атқарған 6 арық ақсақалына берілген қаржының көлемі 5400 рубльді құраған (Обзор Сыр-Дарьинской области, 1909:26).

Түркістан генерал-губернаторының жобасы болған «Арық ақсақалы» мен «Мұрап» қызметтік белгілері Әскери министрдің ұсынысымен 1896 жылғы 2 желтоқсандағы Мемлекеттік кеңестің арнайы жарлығымен бекітілді. Аталмыш белгілер 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін соғылып, арық ақсақалдары мен мұраптарға беріліп келді (Мельник, Можейко, 1993:116).

Жиырма жылдан аса қысқа уақыттық қолданыста болса да аталмыш қызметтік белгілер өзгеріске ұшырады. Алғашында дөңгелек және бадамгүл пішіндегі белгілердің беткі жағына (аверс) Түркістан өңірінің гербі соғылды (сурет). Белгінің иесі не қызмет атқаратынын (арық ақсақалы немесе мұрап), кімге және оған кім бағынатын түсінуі үшін қызметтік атау орыс және араб тілдерінде жазылды. Артқы жағына (реверс) соғылған жылы II Николайдың вензелі⁴ түсірілді. Кейіннен бұл белгілер бұрынғыдан да жеңілдетіліп, Түркістан өлкесінің елтаңбасының орнына лауазым атымен алдыңғы жағында: «Жетісу өңірі» деген жазу пайда болды, ал артқы жағында – жазуы жоқ аймақтың елтаңбасы бар. Мұрап пен арық ақсақалы қызметтік белгілері ақ металға соғылған алғашқы «ауылдық» белгілер болғанын атап өткен жөн (Мельник, Можейко, 1993:116).

Мұраптарға берілген медаль жөнінде Ә.Ж. Ахантаева өзінің диссертациялық зерттеуінде өте құнды мәлімет келтіреді. Автордың мәліметінше, Сыр бойы қазақтарының арасында беделі жоғары болған мұрап Нұртаза Қоспамбетұлы темір жол құрылысы кезінде дарияға қойылатын көпірдің орнын анықтап көрсеткені үшін Николай II-нің қолынан «мираб» деген медаль алып, шекпен киген екен (Ахантаева, 2008:65). Бірақ, бұл дәстүрлі қазақ қоғамындағы әсірелеудің нәтижесі деуге болады. Өйткені, патшалық кезеңде «мираб» деген медальдың түрі болмаған. Ал, шын мәнінде Нұртаза Қоспамбетұлына берілген медаль емес, «мираб» қызметтік белгісі болуы бек мүмкін.

Сурет №1. Түркістан генерал-губернаторлығындағы мұраптың қызметтік белгісі



Нәтижесі. Суландыру жүйесін басқару және ұйымдастыру барысында ең бірінші ретте егістікке су бөлу мен оның реттік кезегін сақтау маңызды мәселе болып табылады. Яғни, арықтың бойындағы егіншілерге суды өз кезегімен уақытында бөліп беру. Бұл мәселе негізінен мұраптардың жауапкершілігіне жүктелген (ҚР ОМА, 124:72). Өз кезегінде арықтың басына жақын орналасқан егіншілер бірінші кезекте су алатындығы қисынды, әрі даусыз. Осы орайда «Әкең мұрап болса да су басынан орын ал», «Ханның қасында болғанша, судың басында бол» деген халықтық тәмсілдердің қалыптасуының негізсіз еместігін байқауға болады (Қазақ мақал-мәтелдері, 1990:52).

Егіншілер қауымындағы екінші мәселе – егін маусымы аяқталғаннан кейін, арықтарды тазарту жұмыстары болды. Бұл іске арық ақсақалы мен қатар мұраптар да атсалысып отырған. Мұндай жұмыстарда аталмыш жандардың ұйымдастырушылық қыры көрініс табады. Мұраптар мен арық ақсақалының талабы бойынша, өздері тұтынатын арықты тазарту жұмыстарына әр шаңырақ жұмысқа еңбек күшін шығаруға міндеттеліп отырған. Жұмысқа тартылған әрбір жан өзімен бірге кетпен ала келетін болған. Бұл сол кезеңдегі арық тазарту жұмысына тартылатын шамамен 100-ден 1000-ға дейінгі адамның барлығын еңбек құралымен қамтамасыз ету мүмкін болмағандықтан туындаған жағдай еді. Кей уақыттарда арыққа күрделі жұмыстарды жүргізу кезінде бұдан 2-3 есе көп еңбек күші қажет болған. Мысалы, 1877 ж. Ергерек арығын тазартуға және кейбір бөліктерін ретке келтіруге 2000 адам қатысып, жұмыс 8 күнге созылған. Ал, 1878 ж. дәл осы арықты қалпына келтіру жұмыстарына 4000 адам қатысып, жұмыс 11 күнде аяқталған (М-в, 1880:147). Бұдан өзге, қауым мүшелері арық тазарту, тоған бекіту секілді жұмыстарға қажетті қамыс, тас, ағаш сынды материалдармен де қамтамасыз етуге міндетті болатын. Жоғарыда аталған мәселелер отырықшы қоғамда арық тазарту жұмыстары қоғамдық еңбектің күшіне сүйенетіндігін көрсетеді.

Ең күрделі әрі жауапкершілікті талап ететін үшінші міндет – ол жаңадан арық қазу немесе ұзарту, тоған бекіту, қарабура, сипай сынды гидротехникалық құрылғылар орнату. Осындай үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыстар арық ақсақалының тікелей жауапкершілігіне жүктелген. Алдын ала жұмыс барысы, жұмыс күшінің саны, оларға төленетін ақысы есептеліп жоғары басшылықтан рұқсат алынатын. Арық қазу барысында халықтық тәжірибе негізгі рөл атқарды. Яғни, арық ақсақалы арық арнасының бағытын көз мөлшерімен бағамдап анықтайды. Жаңадан тартылған арық негізінен ұйымдастырушы адамның, қаржылай қолдау білдірген тұлғаның есімімен немесе қазуға қатысқан рудың атауымен аталған. Арық тазарту жұмыстары жыл сайын жүргізіліп отырған. Себебі, екі-үш жыл тазартылмаған арықтың арнасы бекітіліп, су көлемі азайып, қолданыстан шығып отырған. Ал, арықтың бітелуі отырықшы қоғамның тіршілік көзі – егіннің құлдырауына әкелетін еді. Сондықтан, суландыру жүйесін басқаратын арық ақсақалы мен мұраптар егіншілер қауымында жоғары құрметке ие болды.

Қорытынды. Суландыру жүйесін басқару және үйлестіру бойынша атқаратын жандарды арық ақсақалы, тоғаншы, шыбықшы, сырықшы сынды атаулар болғанымен, ең көнесі және барлығын біріктіруші ұғым мұрап болды. Суландыру жүйесін басқару институты отырықшы қоғамда егіншіліктің дамуына ықпал етуші қоғамдық қызметтің түрі болды. Өйткені, егінді суару үдерісі мол өнім алудың кепілі болып табылады. Ал, осы егінді суару барысында арықтан судың дұрыс бөлінуін қамтамасыз ету мұраптардың жауапкершілігіне жүктелді. Осының өзі-ақ шаруашылық жүйесі егіншілікке негізделген отырықшы қоғамда мұраптардың беделі жоғары болғандығын көрсетеді. Осындай жан-жақты жүйеленген бақылаудың арқасында арықтардың арнасы бекітілмейтін. Егіншілерге су жетпей қалатын жағдайлар сирек орын алатын. Бұл мұраптар мен арық ақсақалының суландыру жүйесінің дұрыс жұмыс жасауын жіті қадағалап отырғандығының нәтижесі еді. Арықтардың қандай да бір жерін су жырып кеткен жағдайда дер кезінде халықты жинап қалпына келтіретін. Қазақ ауыз әдебиетінде «Су патшасы мұрап, түн патшасы шырақ», «Жақсы мұраптың соңынан су ереді, жаман мұраптың соңынан шу ереді» (Қазақ мақал-мәтелдері, 1990:28, 31) сынды мақалдардың қалыптасуынан халық арасында мұраптардың әлеуметтік-шаруашылық орнының жоғары болғандығының көрінісі ретінде бағамдауға болады.

Патшалық Ресей билігі суландыру жүйесін орталықтандырылған басқару жүйесін құрғанымен арықтарды қазу, тазарту сынды жұмыстар жергілікті халықтың күшімен атқарылатын қоғамдық еңбек түрі болып қала берді. Тарихы ежелгі парсы елінен бастау

алған мұрап ұғымы бүгінгі күнге дейін өз атауы мен қызметтік функциясынан қатты өзгеріске түсе қойған жоқ. Яғни, қазіргі таңда да Сырдария өзенінің бойында орналасқан Қызылорда және Түркістан облыстарының тұрғындары су шаруашылығындағы жандарды мұрап деп атау жалғасып келеді. Атап айтқанда, ел ішінде «мұрап», «су мұрап», «бас мұрап», «сушы», «тоғаншы» деген атаулар бүгінгі күнге дейін атқаратын қызметі және тілдік тұрғысынан қолданыстан шыққан жоқ. Сондай-ақ, олардың егіншілер қауымының алдындағы міндеттері мен жүктелген жауапкершіліктері кеміген емес.

Ескертулер.

¹Суалмалы егіншілік деп – тасыған өзен кері қайтқанда су астында қалған жерге дегдігеннен кейін егін егу тәсілін айтады. Мұндай егіншілік түрі Қазақстанның Сырдария, Іле, Шу өзендерінің бойында қолданылады. Сонымен қатар, арнайы бөгет жасап, жасанды көл жасайтын түрі де бар. Су тартылған соң дән себетін мұндай әдісті «қолтабан» деп атайды.

²Бұдан өзге қазан төңкерісіне дейінге еңбектерде «шыбықшы» атауы мүлдем кездеспейді.

³Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің №232 қорының «Переписка по вопросам водопользования и сведения арык-аксакалов» атты №29 в ісінде Н.Н. Дингельштедт тарапынан дайындалған сауалнама сақталған. Сонымен қатар, аталмыш істің тізімінде жергілікті арық ақсақалдарының жауаптары да осы істе тіркелген.

⁴Орыстың көне ұзындық өлшем бірлігі. 1 вершок шамамен 4,4 см-ге тең.

⁵Вензель – адамның аты мен тегінің бас әріптерінің бір-бірімен астасып, өрнектеліп жазылуы.

Әдебиеттер тізімі

Александров Н.Н. Земледелие в Сыр-Дарьинской области. Описание приемов земледелия преимущественно Ташкентского хлопкового и сухоземледельческого района // Туркестанское сельское хозяйство за 1916-1918 гг. Ч. 1. Общие приемы земледелия. Ташкент. 1919. С. 1-247.

Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Н. Әлімбаев. Алматы, 1994. 194 б.

Ахантаева Ә.Ж. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі жер шаруашылығы: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы деректер бойынша). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекшілері С.Е. Әжіғали, А.У. Тоқтабай. Алматы, 2008. 164 б.

Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. Ташкент: Камалак, 1994. 912 с.

Гулямов Я.Г. История орошения Хорезма с древнейших времен до наших дней. Ташкент, 1957. 313 с.

Джахонов У. Земледелия таджиков долины Соха в конце XIX – начале XX в. Душанбе: Дошим, 1989. 216 с.

Дингельштедт Н.А. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. СПб. : Тип. Министерства Путей Сообщения, 1893. 366 с.

Казахи. Историко-этнографическое исследование / редактор Г.Е. Тайжанова. Алматы: Казахстан, 1995. 352 с.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М. Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. Т–Ұ. 800 б.

Қазақ мақал-мәтелдері / Құраст. М. Аққозин. Алматы: Қазақстан, 1990. 288 б. (қазақ, орыс тілдерінде).

Қартаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 325 б.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 124-к., 1-т., 20-іс, 72-п.

ҚР ОМА. 124-к., 1-т., 20-іс, 72-80-пп.

ҚР ОМА. 232-к., 1-т., 29-в-іс, 345-п.

ҚР ОМА. 232-к., 1-т., 29-в-іс, 79-п.

М-в Н. Иригационные работы в Казалинском уезде // Туркестанский сборник. 1880. Т. 247. С. 145-148.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Веймара и Персона, 1865. 288 с.

Мельник Г.К., Можейко И.В. Должностные знаки Российской империи. М.: «Хронос», 1993. 288 с.

Накысбеков О. Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-шығы. Алматы, 1965. 160-179 бб.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Ташкент: Типо-литография В.М. Ильина, 1909. 69 с. + приложение I-XXX.

Ондасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1974. 384 б.

Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь. 1-том. М.: Русский язык, 1970. 783 с.

Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь. 2-том. М.: Русский язык, 1970. 790 с.

Смирнов Е. Сырь-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1887. 343 с.

Фамили А.А. Иригационное строительство в Иране // Водные ресурсы и водохозяйственные проблемы стран Азии. М.: Наука, 1967. С. 129-141.

Шахназаров А.И. Сельское хозяйство Туркестанского края. СПб., 1908. 512 с.

References

Aleksandrov N.N. Zemledelie v Syr-Darinskoi oblasti. Opisanie priemov zemledelie preiushestvo Tashkentskogo xlopkovogo I suhozemledelcheskogo raiona (Agriculture in the Syr-Darya region. Description of farming techniques mainly in the Tashkent cotton and dry land farming region) // Turkestanskoe selskoe khoziystvo za 1916–1918 gg. Ch. 1. Ovshie priemy zemledelie. Tashkent. 1919. S. 1–247. [In Russian].

Altaev B.A. Ontustik Qazaqstan qazaqtarynyn eginshilikke bailanysty dasturleri men adet-guryptary (Traditions and customs of the Kazakhs of Southern Kazakhstan related to agriculture): Tarix gyl. kand. ... diss. kolzhazbasy / TAEI. Almaty, 1994. 194 b. [In Kazakh].

Ahantaeva A.Zh. Syr oniri qazaqtarynyn dasturli jer sharuashylygy: tarihi-etnografialyq zertteu (XIX g. ortasy men XX g. basyndagy derekter boynsha) (Traditional agriculture of the Kazakhs of the Syrt region: a historical and ethnographic study (according to the data of the mid-XIX-early XX centuries). Tarix gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin usynylgan disertasiynyn qolzhazbasy. Gylymi Zhetekshileri S.E. Azhigali, A.Y. Toqtabai. Almaty, 2008. 164 b. [In Kazakh].

Baranov H.K. Arabsko-ruskı slovar (Arabic-Russian Dictionary. Tashkent: Kamalak, 1994. 912 s. [In Russian].

Guliyamov Ya.G. Istorია orosheniа Xorezma s drevneishix vremen do nashix dnei (The history of irrigation in Khorezm from ancient times to the present day). Tashkent, 1957. 313 s. [In Russian].

Dzhaxonov U. Zemledelia tadjhikov doliny Soxa v kontse XIX – nashale XX v. (Agriculture of the Tajiks of the Sokha Valley in the late nineteenth and early twentieth centuries). Dushanbe: Doshim, 1989. 216 s. [In Russian].

Dingelshedt N.A. Opyt izusheniya irrigatsii Turkestanskogo kraia. Syr-Darinskaya oblast (Experience in studying irrigation in the Turkestan region. Syr-Darya region.). SPb.: Tip. Ministerstva Putei Soobsheniya, 1893. 366 s. [In Russian].

Kazahi. Istoriko-etnograficheskoe issledovanie (Kazakhs. Historical and ethnographic research) / redactor G.E. Taizhanova. Almaty: Kazaxstan, 1995. 352 s. [In Russian].

Kazakh adebi tilinin sozdigi (Dictionary of the Kazakh literary language) On bes tom dyk. 14-tom / Kurast.: M. Malbaqov, K. Esenova, B. Xinaiat jane t.b. Almaty: «Arys» baspasy, 2014. T–U. 800 b. [In Kazakh].

Kazakh maqal-matelderі (Kazakh proverbs) / Kurast. M. Aqqozin. Almaty: Qazaqstan, 1990. 288 b. (qazaq, orys tilderinde) [In Kazakh and Russian].

Kartaeva T.E. Syr oniri Kazakhtary: tarixi-etnografialyq zertteu (XIX gasyrdyn ekinshi zhartyasy – XX gasyrdyn basy) (Kazakhs of the Syr Darya: historical and ethnographic research (the second half of the XIX-the beginning of the XX century). Eki tom dyk. 2-tom. Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 325 b. [In Kazakh].

- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CGA RK). 124-q., 1-t., 20-is, 72-p.
CGA RK. 124-q., 1-t., 20-is, 72-80-pp.
CGA RK. 232-q., 1-t., 29-b-is, 345-p.
CGA RK. 232-q., 1-t., 29-b-is, 79-p.
- M-v N. Irrigatsionnye raboty v Kazalinskom uezde (Irrigation works in Kazalinsk district) // Turkestarskiy sbornik. 1880. T. 247. S. 145-148. [In Russian].
- Meier L. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami Generalnogo shtaba (Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff). Kirgizskaia step Orenburgskogo vedomstva. SPb.: Tip. Veimara i Persona, 1865. 288 s. [In Russian].
- Melnik G.K., Mozheiko I.B. Dolzhnostnye znaki Rossyiskoi imperii (Official badges of the Russian Empire). M.: «Xronos», 1993. 288 s. [In Russian].
- Naqysbekov O. Zhergilikti qalyq tilindegi aryq-atz turlerine bailanysty qoldanylyp zhurgen sozder zhaynda (About the words used depending on the type of aryq-atz in the local folk language) // Qazaq dialektologiasy. 1-shyguy. Almaty, 1965. 160-179-bb. [In Kazakh].
- Obzor Syr-Darinskogo oblasti za 1908 g. (Review of the Syr-Darya region for 1908). Izdanie Syr-Darinskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. Tashkent: Tipo-litografiya V.M. Ilina, 1909. 69 s. + prilozhenie I-XXX. [In Russian].
- Ondasynov N.D. Parsysha-qazaqsha tusindirme sozdik (Persian-Kazakh Explanatory Dictionary). Almaty: Qazaqstan, 1974. 384 b. [In Kazakh].
- Rubinshik Iy.A. Persidsko-ruskı slovar (Persian-Russian Dictionary). 1-tom. M.: Ruskı iazyk, 1970. 783 s. [In Russian].
- Rubinshik Iy.A. Persidsko-ruskı slovar (Persian-Russian Dictionary). 2-tom. M.: Ruskı iazyk, 1970. 790 s. [In Russian].
- Smirnov E. Syr-Darinskaia oblast. Opisanie, sostavlennoe po ofisialnom istochnikam (Syr-Darya region. Description compiled from official sources). SPb.: Tip. M.M. Stasiylevisha, 1887. 343 s. [In Russian].
- Famili A.A. Irrigatsionnoe stroitelstvo v Irane (Irrigation construction in Iran) // Vodnye resursy i vodohozaystvennye problemy stran Azii. M.: Nauka, 1967. S.129-141. [In Russian].
- Shaxnazarov A.I. Selskoe khoziastvoa Turkestarskogo kraia (Agriculture of the Turkestars Region). SPb., 1908. 512 s. [In Russian].